

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX - начало XX в.). - Алма-Ата. 1991.
2. Раздыкова Г.М. Религиозный синкретизм казахов Степного края // Вестник КарГУ. 2010. - № 3. - С. 29-37.
3. Нұртазина, Н. Д. (2021). Ислам в истории Казахстана: новые подходы и итоги изучения проблемы за 30-летие независимости (1991-2021). Bulletin of History. - №3 (102). DOI: [10.26577/JH.2021.v102.i3.01](https://doi.org/10.26577/JH.2021.v102.i3.01).
4. Шаблей П.С. Оренбургское магометанское духовное собрание в общественно политической и религиозной жизни населения казахских степных областей: Автореф. дис. канд. ист. наук. Челябинск, 2013.
5. Букеевской Орде 200 лет : Издание из 6 книг [Текст]. Книга 3 : Ставка хана внутренней Киргизской Орды, 2001. - 232 с
6. Небольсин, Павел Иванович (1817-1893). Очерки Волжского низовья // [Соч.] Павла Небольсина. - Санкт-Петербург : тип. М-ва вн. дел, 1852. - [4], 197 с., 1 л. карт. : 23.
7. Карутц. Р 1910. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. Санкт-Петербург: Изд-во А. Ф. Девриена. 188 с.
8. Троицкий Н. Взгляд на Внутреннюю Киргизскую орду // Отечественные записки. Т.LVIII. СПб, 1848; Сведения о Внутренней Киргизской орде / Журнал Министерства государственных имуществ. Ч.I. СПб, 1841
9. Ерофеева И. В., Жанаев Б. Т. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - Т. 5. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. - 613 с.
10. Мейендорф Е.К Путешествие из Оренбурга в Бухару. Предисл. Н.А. Халфина, М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1975.
11. Георги, Иоганн Готлиб. Описание всех обитающих в Российском государстве народов : их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей / [Иоганн Готлиб, Георги]. - СПб., 1799. - 4 т.
12. Киргизская степь Оренбургского ведомства / сост. Ген. штаба подполковник Л. Мейер. - 1865. - 382 с. разд. паг., 12 л. табл., 1 л. к. - Библиогр. в предисл.
13. Предания адаевцев о святых, сеты ханафие живших и умерших на Мангышлаке// Сборник сведений о кавказских горцах. -Тифлис. -1873. -Т. 7. -С. 5-17.

### **АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «АДАЛ АЗАМАТ» ҰҒЫМЫ**

**Балдакова А.Б., Амантай Б.Ж.**

Ғылыми жетекшісі: оқытушы Химади М.С.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті

[meruert-kimadi@mail.ru](mailto:meruert-kimadi@mail.ru)

Қарағанды қ.

Адал азамат - бұл өз отанының тірегі. Ол өз мінез-құлқымен, еңбегімен және жауапкершілігімен елдің дамуына тікелей үлес қосатын, рухани- адамгершілік құндылықтарды жоғары қоятын өз елінің тірегі. Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы әрқашан азаматтардың адамгершілік келбетімен, ішкі ұстанымымен тығыз байланысты болған. Қазақ халқының рухани-мәдени мұрасында «адал азамат» ұғымы ерекше орын алады. Бұл ұғым Алаш зиялыларының еңбектерінде терең көрініс тапқан. Олар үшін адалдық - тек жеке қасиет қана емес, ұлтқа, Отанға деген жанашырлықтың белгісі болды. Осы Алаш зиялыларының ұстанымы бүгінгі күнде де өз өзектілігін жойған жоқ. Олай дейтін себебіміз, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауларында да «адал азамат» бейнесі - жауапкершілікті, әділетті, елжанды тұлға ретінде сипатталады. Осы мақаламызда Алаш зиялылары мен мемлекет басшысының көзқарасындағы адал азамат ұғымы салыстырылып, сабақтастығы мен маңыздылығы талданады.

«Адал азамат» қағидаты - бұл бүгінгі ұрпаққа қойылған жаңа талаптар емес, Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде орын алған, қастерлі ұғым. XX ғасырдың басында ұлт рухын оятқан

қазақ зиялылары - Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев - адалдықты ұлттық мінездің басты өлшемі, халықты алдыға сүйрейтін ұлы күш деп таныды.

Сондықтан қазіргі «Адал азамат» идеясы Алаштың асыл аманаты мен бүгінгі Қазақстанның даму бағыты арасындағы алтын көпір, тарихи сабақтастық.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан үшін адалдық - ұлтқа қалтқысыз қызмет ету, ел мүддесін бәрінен жоғары қою, жеке басынан бұрын халықтың тағдырын ойлау болды [1, 77 б.]. Алаш Орда үкіметін құрудағы басты мақсат - қазақ даласында әділ, заңға бағынатын және таза басқару жүйесін орнату еді. Әлихан Бөкейхан басқарушыларға ерекше талап қойды: «Басқарушылардың басты қасиеті - адалдық пен жауапкершілік. Басқарушы халықтың аманатына қиянат жасамауы керек». Әлихан Бөкейхан үшін адал адам ол жеке басының пайдасын емес, ұлттың тұтастығын, жерінің амандығын және мемлекеттілігін басты мақсат еткен, саяси және моральдық тұрғыдан таза тұлға.

2022 жылы 5 қазанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды жұртшылығымен кездесуінде: «Осы өңірдің біртуар перзенті Әлихан Бөкейхан «Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», - деген. Алаш қайраткері осылайша бәрімізді ел мүддесіне адал болуға үндеген. Патриотизм құдыреті күшті қасиет. Жүрегі - Отаным, елім, жерім деп соққан адам ештеңеден қаймықпайды, қандай ерлікке де барады. Мен бүгінгі жастардан осындай отаншылдық қасиет көремін. Шын мәнінде, біздің Отанымыз - бір, мемлекетіміз - бір, халқымыз - бір. Сондықтан, әрқашан бірге болайық!», [2, 2 б.] деп ел болашағы үшін адалдық пен жауапкершілікке негізделген азаматтық ұстанымның маңызын атап өтіп, «елге адал болу», «патриот болу», «жауапкершілікпен қызмет ету» сынды рухани-азаматтық қасиеттерді насихаттады. Бұл - ел басқаруда әділеттілік, ұлттық мүддені қорғау, бірлік пен татулықты сақтау сияқты Алаш арыстары ұстанған жолдың қазіргі көрінісі.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларында адамдық қасиет, рухани кемелдік ең жоғары тұрды. Педагогикалық қызметінің басты мақсаты - өскелең ұрпақты шыншыл және еңбексүйгіш, Отанына адал азаматтарды тәрбиелеу болды [3, 5 б.]. Ахмет Байтұрсынұлы адалдықты адамның ең құнды асыл қасиеті деп санады, өйткені мінездің тазалығы мен ішкі шынайылығы бүкіл қоғамның берік негізін құрайды деп есептеді. Ерінбей еңбек ету - ол адамның жеке басының ғана емес, тұтас ұлттың өрге басуына, алға жылжуына қажетті сарқылмас күш-қуаттың бастауы. Адалдық болмаса, еңбек те, ой да - жеміссіз, күнсыз. Осы себепті ұлы ұстаз қазақ жастарын адал, еңбекқор, ойлы болуға шақырды. Бұл қағида бүгінгі күнге дейін маңызын жоймады. Ұлт ұстазының пікірінше, қоғамды түзейтін - адам болмысының ішкі тазалығы мен парасаттылығы. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде халықты турашылдыққа, еңбексүйгіштікке, шындық пен әділдіктің жолында тұруға үндесе, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында «жауапты мемлекет - жауапты азамат» қағидасын ұсына отырып, қоғамда адал, еңбекқор, ұлтжанды азамат тәрбиелеудің маңызын баса көрсете отырып, «Адал азамат тәрбиелеу - Жаңа Қазақстанның негізі» [4, 4 б.] деді.

Қазақтың көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытов: «Қазақтың өзгеше мінездер» деген мақаласында өз халқының бұрынғы уақыттарда ұйымшыл елі жауынгер, ең әділ, намыскер, адал әрі бітімді, қайратты, сауықшыл, досы мен достасып, жаумен жауласуға табанды болғанын айта отырып отаршылдық езгінің әсерінен осы мінездері өзгеріп ұрлық, зорлық, өтірік, өсек, алдау, кулық, айдау, кісі өлтіру мақтану, тұрақсыздық, жалқаулық сияқты жағымсыз қылықтар көбейгеніне қынжылады. Ал енді осы жағымсыз қылықтардан құтылудың ең басты құралы тәрбие, оқу, білім екендігін атап өтеді [5]. Жалпы адамзаттық құндылықтарды таптық мүддеден жоғары қойды және өз көзқарастары үшін соңғы күндерге дейін батыл күресті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та өз Жолдауларында және сөздерінде адалдық, адамгершілік, рухани тазалық ұғымдарын ел болашағы үшін негізгі құндылықтардың бірі ретінде атап көрсетеді. Ол да Жүсіпбек Аймауытов сияқты адамның мінез-құлқы мен қоғамдағы орны тәрбие мен білімге тікелей байланысты екенін жиі айтады. Мысалы, Президент Тоқаев былай деген: «Жаңа Қазақстан - бұл әділ мемлекет, адал азамат және ең бастысы, адамгершілікке негізделген қоғам» [4, 3 б.]. Екеуі де ұлттың болашағы тәрбиеге, әділдікке, адалдыққа негізделуі керек деп есептейді.

Қазақ ағартушысы Міржақып Дулатұлы өз шығармашылығында адалдық, әділеттілік, ұлттық намыс және саналылық идеяларын қазақ халқының жанына сіңірді. Міржақып Дулатов үшін адалдық ұлттық оянудың алтын кілті болды. Оның ең басты миссиясы халықты надандықтан ояту және оларды адалдық пен саналылықтың биік шыңына шақыру еді.

Міржақып Дулатұлының «Жалғыз білім үйретуге емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру керек» [6, 12 б.] деген сөзі - оның адам тәрбиесіне, ел болашағына деген көзқарасының көрінісі. Ол адалдық пен адамгершілік қасиеттерін тек біліммен шектемей, рухани-адамгершілік тәрбиемен

ұштастыру қажет екенін нақты айтты: Білім - ақыл-ойды дамытудың құралы; Тәрбие - мінез-құлық пен адами қасиеттерді қалыптастырудың жолы; Адалдық - ұлтқа, елге қызмет етудің негізі.

Президент Қ.Тоқаев та осы ұстанымды жалғастыра отырып, жаңа дәуірдің азаматы - білімді әрі тәрбиелі, әділетті және адал болуы қажет екенін атап өтеді. Оның сөздерінде: «Адал еңбек пен білім арқылы ғана Қазақстанды өркендетуге болады», - деп, жастарды тек білім алуға емес, адал, жауапкершілікті азамат болуға шақырады. Міржақып Дулатұлы мен Қасым-Жомарт Тоқаевтың ойларының түйіні - білім мен тәрбиені ұштастыру арқылы ғана шынайы, адал қоғам құруға болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал азамат» тұжырымдамасы - сол мұратты жаңа заманға лайық дамытудың жалғасы. Алаш ұстанған адалдық қазақ рухының алтын өзегі. Президент көтерген «Адал азамат» идеясы сол өзектің бүгінгі жаңғырығы. Екеуі бірігіп тәрбиесі терең, рухы мықты, әділдік пен адалдықты ту еткен, жаңа қазақстандық ұрпақтың қалыптасуына жол ашады.

Тәуелсіз Қазақстан азаматтық қоғамның дамуына, әділдік пен ашықтыққа, адам құқықтарын қорғауға ерекше мән беріп келеді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы - Алаш зиялылары армандаған демократиялық басқару жүйесінің заманауи көрінісі. Мемлекеттік қызметтің кәсібилігі мен адалдығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің дамуы да Алаштың «таза қоғам» жөніндегі ойларымен тікелей сабақтас.

Сонымен бірге Алаш ардақтылары ұсынған білім мен ғылымды дамыту, тіл мен мәдениетті сақтау, ұлттық экономиканы қалыптастыру идеялары да қазіргі стратегиялық құжаттарда көрініс табууда. «Қазақстан - 2050» стратегиясы, «Ұлттық бірегейлік», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары - ұлттық даму мен заманауи өркениет талаптарының тоғысқан тұсы.

Демек, адал азамат концепциясы - тарихи тәжірибеден бастау алып, бүгінгі мемлекеттік идеологияға айналған құндылық. Алаш мұрасы мен қазіргі Қазақстан бағытының үйлесімі ұлттың тұтастығы мен өркендеуінің кепілі. Өйткені ел болашағы ең алдымен өзінің адал, парасатты, білімді, жауапты азаматтарына сүйенеді. Ұлтты алға бастырудың ең сенімді жолы әрбір тұлғаның мемлекет алдындағы адалдығы мен қоғам алдындағы жауапкершілігі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бейсенбекова Н.А., Смағұлова Г.М., Шотбақова Л.К. Әлихан Бөкейхан - ұлт мақтанышы: монография // - Қарағанды: Гласир, 2016. - 196 б.
2. Өңірді дамыту мүмкіндіктері таразыланды / Орталық Қазақстан. 6 қазан, 2022 жыл №111 (23414). - 2 б.
3. Тұрысбек Р. Ахмет Байтұрсынұлының көсем сөздері // Ұлағат. - 2011. - № 2. - 3-15 б.
4. Тоқаев Қ-Ж. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам // EGEMEN QAZAQSTAN (Егемен Қазақстан). - 2022. - № 167 (2 қыркүйек). - Б. 1, 2 - 4.
5. Аймауытов Ж. Қазақтың өзгеше мінездері // Парасат. - 1997. - №8.- 96 б.
6. Жұмағұл С. Міржақып нақылдары // Қазақ әдебиеті. - 2021. - № 1(15 қаңтар). - 11-13 б.

### **ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ БИЛІК ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖОЙЫЛУЫ МӘСЕЛЕСІ**

**Ералы Б.Қ.**

Ғылыми жетекшісі: *Өскембаев Қ.С.*

Астана Халықаралық университеті

[eralievb42@gmail.com](mailto:eralievb42@gmail.com)

Астана қ.

Қазақ хандығының дәстүрлі басқару жүйесінде Керейден бастап Тәуке ханға дейінгі аралықта бір ханның билік етуі заңдылық болатын. Тәуке хан қайтыс болған соң Қазақ хандығында билікке талас күшейді. Әр жүздің өзінің дербес хандары пайда болды. Бұл уақытты «Келте хандар» дәуірі деп те атауға болады. Ұлы жүзде: Жолбарыс, Орта жүзде: Сәмеке Болат Күшік, Кіші жүзде: Әбілқайыр. Қазақ хандығы 1465-1847 жылдар аралығында өмір сүрді деп айтуға болады. Жалпы Қазақ хандығының тарихын екіге бөліп қарастырамыз: Біртұтас қазақ хандығы: 1465-1715/1718 жылдар аралығы, Керей мен Жәнібектен бастап - Тәуке ханға дейін аралық. Ал ыдырау қазақ хандығында 1715/1718-1847 Жолбарыс, Сәмеке, Әбілқайырдан бастап - Кенесарыға дейін дейінгі аралықты қамтиды. Алғашқы кезеңдегі ұлы хан мәртебесі қазақ билеушілерінің халықаралық байланыстарын бақылауға және